

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**(Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Г. Алматы, Байзақов к-сі, 280, "Almaty Towers" КФК
Солтүстік мұнарасы)**

АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ (бұдан әрі – Биржа) 2024 жылдың 30 мамырында болып өткен Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған, 2023 жылдағы Биржа қызметінің қорытындылары бойынша Биржаның жай акциялары (ISIN KZ1C00001213) бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім туралы хабарлайды:

- бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері – 8 611,30 теңге;
- дивидендтер төлеудің басталу күні – 2024 жылдың 10 маусымы;
- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – Биржа акционерлерінің банктік шоттарына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшамен;
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд алуға құқығы бар Биржа акционерлерінің тізімі 2024 жылдың 10 маусымында Алматы уақытымен сағат 00.00-дегі жағдай бойынша тіркелетін болады.

Биржа акционерлеріне төленуге жататын дивидендтер сомасы 9 259 132 500 теңгені құрайды.

Құрметті акционерлер, дивидендтер алу үшін Биржа акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде сіздің өзекті деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Сіз "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ – ға (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Биржа акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ға (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тиісті құжаттар, келесі мекен-жайлар бойынша ұсынуларыңыз қажет:

Қазақстан Республикасы, 050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30/8, 163 тұрғын емес үй-жай мекен-жайы бойынша ұсыну қажет, байланыс телефондары: 8 (727) 355 4760, 262 0846.

Бұл ретте брокерлердің клиенттері болып табылатын Биржаның акционерлері дивидендтер алу үшін номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі өз деректемелерін өзектендіру мәселелері бойынша оларға қызмет көрсететін брокерлерге жүгінуі қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін (2024 жылдың 28 тамызына дейін) Биржа акционерлердің дивидендтер төлеуді жүзеге асыру үшін қажетті өз деректемелерін өзектендіруіне қарай дивидендтер төлейтінін қосымша хабарлаймыз.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 23 бабының талаптарына сәйкес Биржада немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді, талап етілмеген ақшаны есепке алу мақсатында, Биржа заңнамада белгіленген мерзімдерде "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған шотқа аударатын болады. Осылайша, тиесілі дивидендтер алынбаған жағдайда, KASE акционерлері көрсетілген күннен кейін Биржаның жай акциялары бойынша есептелген дивидендтерді алу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ға жүгінуі қажет болады.

Дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін Биржа акционерлеріне KASE қаржы департаментіне 8 (727) 237 5331 телефон нөмірі бойынша немесе KASE заң бөліміне 8 (727) 237 5339 телефон нөмірі бойынша жүгіну қажет.

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ